

## "Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасының заңын күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы жоғарғы кеңесінің қаулысын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 15 желтоқсан 1992 ж. N 1055. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Бірыңғай мемлекеттік көші-қон саясатын жүзеге асыру, босқындарды, өзінің ата қонысына қайтып келіп жатқан адамдарды және отбасыларын республикаға қоныстандыруды реттеу мен ұйымдастырушылық-нысаналық тұрғыдан қамтамасыз ету және "Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 26 маусымдағы қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1992 жылғы 1 қарашадан бастап Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі жанынан Халықтың көші-қон департаменті құрылып, Департамент төрағасы - Еңбек министрінің орынбасары лауазымы енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қон департамент туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі орталық аппараты қызметкерлерінің жалпы шекті саны 8 адамға арттырылып, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 26 қарашадағы N 990 қаулысына сәйкес белгіленген жылдық енбекақы қоры сақталсын.

4. Облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне өздерінің басқару органдары құрамында жергілікті бюджет қаржысы есебінен Халықтың көші-қон департаментінің уәкілдік берілген өкілдерін белгілеу ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің орталық аппаратына қызметтік бір женіл автомобильге лимит арттырылсын.

6. Қазақстан Республикасы Материалдық ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қон департаментіне белгіленген тәртіппен материалдық-техникалық ресурстар бөлінуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көші-қон қоры туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

8. Босқындармен жұмыс туралы осыған қосылған уақытша ереже бекітілсін.

9. "Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі кешенді шаралардың осыған қосылған бағдарламасы бекітілсін.

10. Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің өзінің ата қонысына қайта оралып жатқан босқындарды қабылдау мен жайғастырудың 1992 жылдың екінші жартысына арналған жоспары туралы ұсынысына келісім берілсін.

11. Қазақстан Республикасына келген босқындарға көмек көрсету үшін:

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен бірлесіп Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің ұсынысы бойынша босқындарды тұрган алаңың қолеміне және бұрынғы тұрган жерінен шыққандығы туралы төлкүжатындағы жазбаларға қарамастан оларды уақытша тіркелім жасау мәселесін шешетін болсын;

кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға босқындардың тұрақты жаңа жұмыс орындарында оларға 3 айлық жалақы (тарифтік ставка) мөлшерінде біржолғы көмек көрсету ұсынылсын;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы, қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің өтінімі бойынша босқындардың уақытша тұруын ұйымдастыру үшін құрал-сайман мен жаңадықтар бөлсін;

облыс әкімдері, Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі 1992 жылы келген қоныс аударушылардың отбасын бір айлық мерзімде тұрғын үймен қамтамасыз ету, қажетті еңбек және тұрмыс жағдайларын жасау жөніндегі қажетті нақты шараларды жүзеге асырсын.

12. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Еңбек министрлігі босқындар мен көшіп келушілердің қоныстарын және топтасқан шаруашылықтарын ұйымдастыру үшін көші-қонның жер қорын құрау тәртібі туралы ұсынысты бір айлық мерзімде енгізсін.

13. Облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері бір айлық мерзімде қалалар мен басқа да елді мекендер бойынша босқындар мен көшіп келушілерге жыл сайын үй тұрғын алаң лимитін белгілеп, оны кейін "Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көші-қон қорына беретін болсын.

14. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 4 қарашадағы N 664 қаулысымен бекітілген, Әлеуметтік қорғауды қажет ететін және еңбекке орналасуда қыншылыққа ұшырап отырған адамдарды жұмысқа қабылдауды квоталау тәртібі туралы ережені босқындарға, қоныс аударушыларға және олардың еңбекке жарамды отбасы мүшелеріне қолдану туралы Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

15. Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі мемлекетаралық келісімдер жасалмаған мемлекеттерден көшіп келген азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету мәселесін пысықтайтын болсын.

16. Қазақстан Республикасы Қолік құрылышы министрлігі отандастардың қоныс аударуына негұрлым қолайлы жағдайды қамтамасыз ету және Монғолиямен сауда-экономикалық, туристік алмасуды одан әрі дамыта беру мақсатында Қосағаш (Алтай Республикасы) - Берел (Шығыс Қазақстан облысы) автомобиль жолын салу мүмкіндігін қарастырсын және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізсін.

17. Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі осы қаулыдан туындастын өзгерістер мен толықтыруларды Үкіметтің шешімдеріне енгізу туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізетін болсын.

*Қазақстан Республикасының  
Пре́мье́р-ми́нис्टри*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 15 желтоқсандағы  
N 1055 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі  
жанындағы Халықтың көші-қон департаменті туралы  
Ереже

1. Көші-қон департаменті Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Көші-қон департаменті өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Мемлекеттік тәуелсіздік туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңын, Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны, "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы", "Көшіп келу туралы Зандарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілерін, олардың негізінде қабылданған мемлекетаралық келісімдерді және осы Ережені басылышқа алады.

3. Көші-қон департаменті байырғы ұлт адамдары мен отбасыларын ерікті түрде қоныс аудару және орналастыру жөніндегі бағдарламаны талдам жасау мен жүзеге асыру, олардың конституциялық хұқтарын қамтамасыз ету, сондай-ақ Мемлекеттік көші-қон қорының қызметін үйлестіру үшін жауап береді.

4. Халықтың көші-қон департаментінің негізгі міндеттері мыналар:  
республикаға қоныс аударуды реттеу және ұйымдық-нысаналық қамтамасыз ету, босқындар үшін, өзінің ата қонысына қайта оралып жатқан адамдар мен

отбасылары үшін жаңа орында қажетті тұрмыс жағдайларын жасау;

байырғы ұлт адамдары мен отбасыларының Қазақстан Республикасына ерікті түрде қоныс аударуының шарттары мен мәселелері жөнінде басқа мемлекеттердің үкімет органдарымен, ведомстволарымен, кәсіпорындарымен, мекемелерімен, ұйымдарымен келісімдер жасау;

ұлттық диаспора, оның ата мекенінде тұру үшін ерікті түрде қоныс аударуына, ортаға бейімделуіне, еңбекке орналасуына және тіршілік етуіне тиісті материалдық-тұрмыстық жағдай жасауға қамқорлық көрсету;

әрбір құнтізбе жылға көшіп келушілердің қай елден келетіні көрсетіліп олардың шекті саны мен тұрларін, оларды қабылдауға, жайғастыруға және ортаға бейімдеуге қажетті материалдық-қаржы ресурстарын, сондай-ақ олардың қайта орналасуға тиіс екендігін, еңбек етуге тиісті шаруашылықтардың (мекемелер мен кәсіпорындардың) тұрларін анықтау;

республиканың шет елдегі өкілдіктерінің, орталық және жергілікті басқару органдарының ұсынысы, сондай-ақ өз бастамасы бойынша шетелдіктер мен олардың отбасыларының республикаға қоныс аудару туралы өтініштерін белгіленген көші-қон квотасына сәйкес қарау;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көші-қон қорын нысаналы түрде қалыптастыруды және пайдалану;

Қазақстан Республикасының "Көшіп келу туралы" Заңын және оның негізінде қабылданған басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ Департаменттің көші-қон мәселелері жөніндегі шешімдерін министрліктер мен ведомстволардың, жергілікті әкімшіліктер мен шаруашылық органдарының орындауын бақылау.

5. Көші-қон департаменті өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

азаматтардың (отбасыларының) республикаға қоныс аудару туралы өтініштерін тіркеуді, есепке алуды және қарауды ұйымдастырады;

республиканың облыстары мен аудандары көші-қон қызметтерінің бір кезде республикадан кетуге мәжбур болғандарды қабылдау, жайғастыру, әлеуметтік қорғау үшін жағдай жасау жөніндегі жұмысын үйлестіреді;

республиканың мұдделі министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп қоныс аударуши байырғы ұлт адамдарының отбасыларын көшіруді, үй мұліктерін (жүктерін) көлік құралдарымен тасымалдауды, олардың малдарын айдауды үйлемдастырады;

көші-қон проблемалары жөніндегі ғылыми зерттеулерді үйлестіреді, босқындар мен көшіп келушілерді ұтымды орналастыру мүмкіндігіне болжам жасайды;

тиісті жергілікті атқарушы органға босқын-көшіп келушілерді қоныстандыру мен олардың топтасқан шаруашылықтарын ұйымдастыру үшін көші-қон жер қорынан бос жерлерді беру туралы ұсыныс енгізсін; <\*>

"Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі нормативтік актілер мен әдістемелік құжаттарды талда жасайды;

"Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасының заңын жүзеге асыру жөніндегі бағдарламалар мен кешенді шаралардың орындалуын бақылайды;

байыргы ұлт адамдары мен отбасыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан шыққан адамдардың көшіп келуге мәжбүр болған себептеріне талдау жасап, қорытындылайды;

"Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асырудың барысы туралы жыл сайын Министрлер Кабинетіне ақпарат табыс етеді;

шет елдерден, сондай-ақ ТМД-ның басқа республикаларынан жұмыс қүштерін тарту (жұмысқа қабылдау) жөніндегі арыздарды қарап, лицензиялар береді;

қабылданған жұмысшы күшін лицензия қолданылатын мерзім ішінде пайдаланудың тиімділігіне талдау жасайды;

босқындар мен көшіп келушілердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық проблемаларын шешу жөніндегі жұмыстың жинақталған тәжірибесіне талдау жасайды және қорытындылайды, жергілікті әкімшіліктер мен қоғамдық ұйымдардың қатысуымен осы тәжірибелі тарату жөнінде шаралар әзірлеуді.

**ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың 6 абзацы жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1994.08.02. N 868 қаулысымен.**

#### 6. Халықтың көші-қон департаментінің:

өзінің құзырына жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Министрлер Кабинетінің көшіп келушілердің хұқтарын қорғау мәселелері жөнінде қолданылып жүрген зандары мен нормативтік актілеріне қайшы келетін министрліктер мен ведомстволардың, мемлекеттік және шаруашылық органдары бүйректарының, нұсқауларының қолданылуын тоқтата тұру қажеттігі туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізуға;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің мәжілістерінде Халықтың көші-қон департаментінің құзырына жататын мәселелер бойынша министрліктер, ведомстволар, ұйымдар мен мекемелер басшыларының есептерін тыңдау туралы ұсыныс енгізуға;

көшіп келушілердің хұқтары мен міндеттерін қамтамасыз ету жөнінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандары мен басқа да нормативтік актілердің нормаларын қолдану туралы түсініктер беруге;

Халықтың көші-қон департаментіне жүктелген міндеттерді шешу үшін министрліктерден, ведомстволардан, мемлекеттік концерндерден,

қауымдастықтардан және басқа бірлестіктерден, кәсіпорындардан, ұйымдар мен мекемелерден қажетті ақпарат, материалдар мен анықтамалық деректер сұратуға;

Мемлекеттік көші-қон қорының дұрыс пайдаланылуына бақылау жасауға; шет ел жұмысшыларының болуына және қызмет етуіне қажетті жағдайларды қамтамасыз ету жөнінде кәсіпорындар мен ұйымдарға сараптау жүргізуге, жергілікті еңбек ресурстарын толық пайдалануды ескере отырып оларды жұмысқа тартуды тоқтата тұруға немесе шектеуге хұқы бар.

7. Департаментті төраға - Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің орынбасары басқарады, оны Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындаиды және босатады.

Төрағаның бір орынбасары болады, оны Қазақстан Республикасының Еңбек министрі тағайындаиды.

8. Халықтың көші-қон департаментінің төрағасы:

Департамент қызметіне басшылық етеді;

Департаментке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуы үшін дербес жауап береді, орынбасар мен бөлімше басшылары арасында міндеттерін а ж ы р а т ы п б ө л е д і ;

бөлімшелер туралы ережені бекітеді, белгіленген құрылым, қызметкерлер саны және еңбекақы қоры шегінде аппарат қызметкерлерін, облыстардағы уәкілдік берілген өкілдерді тағайындаиды.

9. Департамент заңды ұйым болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 15 желтоқсандағы  
N 1055 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
көші-қон қоры туралы

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көші-қон қоры Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қон департаменті шенберінде құрылады және "Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру жөніндегі шараларды қаржыландыруға арналған .

Мемлекеттік көші-қон қоры республикалық деңгейде құрылады және өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының "Көшіп келу туралы" Заңын, көші-қон процестерін реттеу жөніндегі республиканың басқа да нормативтік актілерін, үкіметаралық келісімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылықта алады.

## II. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көші-қон қорының міндеттері

2. Мемлекеттік көші-қон қорының негізгі міндеттері мыналар:

байырғы ұлт адамдары мен отбасыларының, сондай-ақ ұлтына қарамастан қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру және жаппай ашаршылық кезеңінде республика аймағынан кетуге мәжбүр болған Қазақстаннан шыққан адамдардың Қазақстан Республикасына ерікті түрде және ықтиярсыз қоныс аударуына байланысты шығындарды қаржыландыру;

шет елдегі қазақ диаспорасымен байланыс жөніндегі мемлекетаралық шараларды қаржыландыру.

## III. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көші-қон қорының қаржысы

3. Мемлекеттік көші-қон қорының қаржысы:

Қазақстан Республикасының заңдарымен және халық депутаттары жергілікті Кенестерінің шешімдерімен анықталатын мөлшерде республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінетін ақшалай қаражаттардан;

жерлестіктер мен мәдени орталықтардың қаржысын, кесіпорындардың, кесіпкерлер ұйымдары мен бірлестіктерінің ерікті түрдегі аударымдарынан, шетелдік және отандық ұйымдар мен жеке адамдардың қайырмалдықтарынан, оның ішінде валюталық қайырмалдықтан; көші - қон жер қорынан;

мемлекет орталықтандырылған тәртіп бойынша және жергілікті органдар бөлетін, сондай-ақ республикадан кетіп бара жатқан адамдардан уағдаластық шарт негізінде жергілікті әкімшіліктер сатып алатын түрғын жайлардан;

Қазақстан Республикасына азаматтары қоныс аударатын мемлекеттер бөлетін тауарлар мен ақшалай қаражаттан құралады.

4. Мемлекеттік көші-қон қорынан қаржысын жинақтау және оны пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық мемлекеттік банкісінде бірыңғай ағымдағы есепшот, сондай-ақ шетелдік валютада, қымбат бағалы заттар түрінде түсетін қаржыны есепке алу үшін арнаулы есепшоттар ашылады.

Мемлекеттік көші-қон қоры қаржысының түсін есепке алу, оларды тиісті есепшоттарға қосу, Қордың есепшоттарын пайдалану және олар бойынша операциялар жасау тәртібі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен ретпен белгіленеді.

5. Мемлекеттік көші-қон қорының қаржысын жұмсаудың негізгі бағыттары

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі, облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің келісіүі бойынша өзірлейтін жыл сайынғы республикалық және облыстық көші-қон бағдарламаларында **белгіленеді.**

6. Мемлекеттік көші-қон қорына берілген барлық қайырмалдық, сондай-ақ ұйымдастыру көмегі Қордың басқармасында (дирекциясында) тіркеледі, ал неғұрлым көп үлес қосқан немесе елеулі көмек көрсеткен адамдар, еңбек ұжымдары, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік мекемелер, шет елдік ұйымдар мен жеке адамдар туралы деректер республикалық және жергілікті баспасөз органдары мен бүқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және **х а б а р л а н а д ы .**

Қазақстан тұрғындарынан және шетел азаматтарынан Мемлекеттік көші-қон қорына қымбат бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдарды, басқа да иғіліктерді, сондай-ақ шетелдік валютадағы жарналарды қабылдау тәртібін Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің, Ұлттық мемлекеттік банкісінің және Қазақстан Әлем банкінің қатысуымен Қаржы министрлігі белгілейді.

Аталған валюталық қаржы Мемлекеттік көші-қон қорының материалдық базасын **дамытуға пайдаланылады.**

7. Мемлекеттік көші-қон қорына қаржының уақытылы түсінен және дұрыс жұмсалуына Халықтың көші-қон департаменті бақылау жасайды, қажет болған жағдайда бұл іске қаржы және салық қызметін қатыстырады.

**IV. Мемлекеттік көші-қон қорының бюджетін талдам жасау, бекіту және жұмсау тәртібі**

8. Мемлекеттік көші-қон қоры бюджетінің жобасын қалыптастыру көзі мен жұмсау баптары бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қон департаменті талдам жасайды және оны Мемлекеттік көші-қон қорының басқармасы бекітеді.

9. Мемлекеттік көші-қон қорының есепті жылда пайдаланылмаған қаржысы алып қоюға жатпайды және келесі қаржы жылына көшіріледі.

**V. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көші-қон қорын басқару**

10. Мемлекеттік көші-қон қорының басқару органдары басқарма, атқарушы дирекция және тексеру комиссиясы болып табылады.

Облыстарда Мемлекеттік көші-қон қорын қалыптастыру мен пайдалану мәселелері Халықтың көші-қон департаментінің уәкілетті өкілдеріне жүктеледі.

11. Мемлекеттік көші-қон қорының басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді республиканың Министрлер Кабинетімен, қызметі халықтың көшіп келу проблемасымен байланысты министрліктермен, ведомстволармен және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасай отырып шешеді.

Мемлекеттік көші-қон қоры басқармасының құрамына тұрақты негізде Халықтың көші-қон департаментінің төрағасы, облыстардың уәкілетті өкілдері, Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің, оның Жұмыспен қамту бас басқармасының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің өкілдері, Мемлекеттік көші-қон қорының атқарушы директоры және Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік банкісінің келісуі бойынша оның уәкілетті өкілдері

кіреді.

Мемлекеттік көші-қон қоры басқармасының құрамына Халықтың көші-қон департаментінің ұсынуы бойынша қызметі халықтың көші-қон мәселелерімен байланысты мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкілдері енгізілуі мүмкін.

Мемлекеттік көші-қон қоры басқармасының төрағасын Халықтың көші-қон департаментінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек министрі

тағайындауды.

12. Мемлекеттік көші-қон қорының басқармасы:

халықтың көші-қон жөніндегі респубикалық бағдарламасында көзделген шығындарды уақтылы әрі түгел қаржыландыруға толығымен жауап береді;

Мемлекеттік көші-қон қорының келешектегі және кезекті міндеттерін белгілейді;

Мемлекеттік көші-қон қорының қаржысы мен материалдық құралдарына иелік

етеді;

Мемлекеттік көші-қон қорын қалыптастырудың мөлшері жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар енгізеді;

Мемлекеттік көші-қон қорының бюджеті мен шығыс сметасын, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есепті қарап, бекітеді;

атқарушы дирекция аппаратының, сондай-ақ тексеру комиссиясының құрылымын, штатын, енбекақы қорын қоса алғанда шығыс сметасын бекітеді;

Мемлекеттік көші-қон қорының атқарушы директорын тағайындауды;

өзінің құзыры шегінде Мемлекеттік көші-қон қорына жататын мәселелер бойынша қажетті ережелер мен нұсқауларды бекітеді;

Мемлекеттік көші-қон қорының құзырына жататын мәселелер жөніндегі белгіленген тәртіп бойынша халықаралық ұйымдармен ынтымақтасады, шетелдік, халықаралық мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Мемлекеттік көші-қон қоры атынан өкілдік етеді.

13. Мемлекеттік көші-қон қорының басқармасы қажет болуына қарай, бірақ жылына кемінде бір рет шақырылады. Өз мүшелерінің кемінде үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда шешім қабылдауға хұқы бар. Басқарманың шешімдері қатысып отырған мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

14. Мемлекеттік көші-қон атқарушы-өкімші функцияларын жүзеге асыру және қызметіне жедеғабыл басшылық ету үшін басқарманың шешімімен тұрақты

жұмыс істейтін атқарушы дирекция құрылады.

Атқарушы дирекция туралы ережені Мемлекеттік көші-қон қорының басқармасы бекітеді.

15. Мемлекеттік көші-қон қорының тексеру комиссиясының құрамын және ол туралы Ережені Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі мен Қаржы министрлігі бекітеді. Комиссия құрамына қорды қаржыландыруға байланысты қызмет көрсететін қоғамдық ұйымдардың өкілдері енгізілуі мүмкін.

Мемлекеттік көші-қон қоры тексеру комиссиясының төрағасын Қазақстан Республикасының Еңбек министрі тағайындаиды.

Мемлекеттік көші-қон қорының тексеру комиссиясы:

Мемлекеттік көші-қон қоры басқармасы мен оның жергілікті органдарының қаржы және шаруашылық қызметін бақылайды;

материалдық игіліктердің жай-күйі мен есебіне тексеру жүргізеді;

атқарушы дирекциядағы істердің өту мерзімі мен дұрыстығын, азаматтардың хаттарымен, ұсыныстары және өтініштерімен жұмыстың жайын тексереді;

Мемлекеттік көші-қон қорына қаржының уақтылы және дұрыс түсүін тексереді, оның жұмсалуына бақылау жасайды;

Мемлекеттік көші-қон қорының қызметіне байланысты мәселелерде бақылаушы органдарға әдістемелік көмек көрсетеді;

жүргізілген тексерудің қорытындыларын Мемлекеттік көші-қон қорының басқармасына және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етеді.

16. Халықтың көші-қон департаментінің уәкілетті өкілдері тексеру комиссиясына Мемлекеттік көші-қон қорына аударым жасалған қаржы туралы және Қордан бөлінген қаржының жұмсалуы туралы қажетті құжаттар мен мәліметтерді ешбір кедергісіз табыс етеді.

17. Мемлекеттік көші-қон қоры басқармасының төрағасы немесе оның тапсыруы бойынша атқарушы директор басқарманың шешімдері негізінде және оның атынан Қазақстан тұрғындарынан, шет ел азаматтары мен ұйымдарынан түскен ақшалай қаржы мен шет ел валютасын қорға қосу үшін есепшоттар ашады

18. Мемлекеттік көші-қон қорының атқарушы дирекциясы мен тексеру комиссиясын ұстауға және олардың қызметіне байланысты шығындар қордың қаржысы есебінен жасалады.

VI. Мемлекеттік көші-қон қорының хұқықтық жағдайы

19. Мемлекеттік көші-қон қоры туралы ережені Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

20. Мемлекеттік көші-қон қорының басқармасы Алматы қаласында орналасқан.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 15 желтоқсандағы  
N 1055 қаулысымен

Бекітілген

Босқындармен жұмыс туралы Уақытша ереже

Осы Ереже босқындармен жұмыстың және оларға бірінші кезектегі көмек  
көрсетудің тәртібін белгілейді.

"Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес басқа  
мемлекеттерде тұратын қудалану, қысым көру, хұқтары мен бостандықтарының  
шектелуі немесе осындайға ұшырау катерінің негізі болуы себепті, сондай-ақ  
өзінің ата қонысымен қауышу ниетімен Қазақстан Республикасына қайта оралуға  
мәжбүр болатын қазақ диаспорасы адамдарына босқындар мэртебесі беріледі.

Босқындарды тіркеу

1. Қазақстан Республикасының аумағында тұрган барлық босқындар,  
олардың тұрган уақытына қарамастан, тіркелуге жатады. Жазбаша өтініш пен  
төлкүжат (туғаны туралы куәлік) немесе оның орнына берілген басқа құжат (  
қызмет куәлігі, зейнеткер куәлігі, оқушы немесе студент билеті, еңбек кітапшасы  
, диплом, білімі немесе кәсіби даярлығы жөніндегі куәлік) тіркеу үшін негіз  
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Тіркеу туралы өтініште:

Қазақстан Республикасына келген уақыты, мақсаты және негізі;  
жасы көрсетілген отбасы мүшелерінің құрамы, бұрынғы еңбек қызметі,  
б іліктілігі, м а м а н д ы ғ ы ;

Қазақстан Республикасының аумағына келгенге дейінгі елі мен тұрақты  
тұрган жерінің мекен жайы;

Қазақстан Республикасының аумағында уақытша тұрган жерінің мекен жайы;

қажетті көмек көрсету жайындағы өтініші.

2. Босқындарды тіркеуді Халықтың көші-қон департаментінің үәкілетті  
әкілдері, қалалық, аудандық, әкімшіліктер, халық депутаттарының селолық және  
поселкелік кеңестері жүзеге асырады.

3. Әрбір босқынға тіркеу кәртішкесі ашылады.

4. Босқындарды тіркегеннен кейін Халықтың көші-қон департаментінің  
үәкілдері, қалалық және аудандық әкімшіліктер, халық депутаттарының селолық  
және поселкелік Кеңестері сауда, медициналық және тұрмыстық қызмет көрсету  
жөнінде шаралар қолданады, басқа да қажетті көмек көрсетеді, ал тұрғын үй

болмаған жағдайда оларды уақытша орналастыру орындарына жібереді.

5. Халықтың көші-қон департаментінің облыстардағы уәкілетті өкілдері, қалалық, аудандық әкімшіліктер өзін босқын деп тану туралы өтініш берген адамның арызының негізділігін екі апта мерзім ішінде анықтайды. Босқын мәртебесін беру немесе бермеу туралы шешімді Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қон департаменті мен оның облыстардағы уәкілетті өкілдері қабылдайды.

Өтініш беруші босқын деп танылған жағдайда ішкі істер органдары оған белгіленген үлгідегі уақытша куәлік береді, бұл куәлік:

отбасының еңбекке жарамды әрбір мүшесі мен зейнеткерге ең төменгі айлық мөлшерінде, ал қарамағындағы әрбір жанға есептік көрсеткішінің 50 проценті мөлшерінде біржолғы көмек алу; <\*>

қажетті медициналық және әлеуметтік жәрдем алу;

арнайы бөлінген орындарда (елді мекендерде) уақытша тұру;

туысқандардың немесе басқа азаматтардың келісуі бойынша оларда уақытша тұру хұқын бере ді.

ЕСКЕРТУ. 5-тармағының 3-абзацындағы сездер ауыстырылды - ҚРУ-нің 1996.08.09. N 987 қаулысымен.

6. Босқынның уақытша куәлігі 3 айға дейінгі мерзімге беріледі. Қажет болған жағдайда бұл мерзімді куәлік берген орган ұзарта алады.

7. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты жұмыспен қамту жөніндегі органдары босқындар мен олардың отбасыларының еңбекке жарамды мүшелеріне уақытша жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі.

8. Халықтың көші-қон департаменті мен оның жергілікті жерлердегі уәкілетті өкілдері босқындардың бұдан былайғы тағдыры, тұрақты тұратын орын беру, жұмысқа орналастыру, репатриация жасау (бұрынғы тұрақты тұрған еліне қайтару) немесе босқынның тілегі бойынша басқа мемлекеттің аумағына көшіп бару мүмкіндігі туралы ұсыныстар әзірлейді.

### Босқындарға материалдық көмек көрсету

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көші-қон қорынан төлем жасау тәртібін Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Халықтың көші-қон департаменті белгілейді.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 15 желтоқсандағы  
N 1055 қаулысымен

Бекітілген

"Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын  
орындау жөніндегі кешенді шаралар  
Бағдарламасы

(Кесте)

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 15 желтоқсандағы  
N 1055 қаулысына

Қосымша

Өзінің ата қонысына қайта оралып жатқан босқындарды  
қабылдау мен жайғастырудың 1992 жылдың  
екінші жартысына арналған

Жоспары

(Кесте)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК